ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 02 тамыз № 1112-24-00-2/2126 іс Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья Г.М.Кубенов қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы» РМҚК

ЖАУАПКЕР:
«Елтай» ЖК

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 109, 117, 223-226, 267-2,267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы» РМҚК жауапкер «Елтай» ЖК-не сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

«Елтай» ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Елтай» ЖК-ден 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж алымын мемлекеттің пайдасына өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

Құжатқа қол қойылған: Кубенов Г. М., 04.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 10.09.2024, судья Кубенов Г. М., 29.09.2024

хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Г. Кубенов**

Құжатқа қол қойылған: Кубенов Г. М., 04.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 10.09.2024, судья Кубенов Г. М., 29.09.2024

1112-24-3-1/2139